


**«АӨК мемлекеттік қолдау»
бағытының
«ЖЫЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫН СУБСИДИЯЛАУ ЖӘНЕ
БИЕ СҮТІН ӨНДІРУ МЕН ӨНДЕУДІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫН
ТӨМЕНДЕТУ» тақырыбы бойынша
өткізілген кеңестің
Есебі
«Әбілжан» шаруа қожалығы**

Өткізілген күні:
« 20 » қараша 2025 жыл

Кеңестің өткізілген орны:
Алматы қ., Сатпаев көшесі 30 б, Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік кешенінің экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту ғылыми-зерттеу институты

Эксперт:  Жұмашева Сауле Тоқанқызы

**«Қазақ аграрлық-өнеркәсіптік
кешенінің экономикасы және ауылдық
аумақтарды дамыту ҒЗИ» ЖШС-нің
Басқарма төрағасы**



Е.И.Исламов

Есептің құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері:

Агроөнеркәсіптік кешенді мемлекеттік қолдау тәсілдері: мал шаруашылығындағы жылқы шаруашылығын субсидиялау және бие сүтін өндіру мен өндеудің өзіндік құнын төмендету

2) қойылған проблеманы шешу бойынша сарапшының ұсыныстары немесе қызметті жақсарту бойынша кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс мәселелер шеңбері;

Мал шаруашылығын субсидиялаудың жаңа жүйесі бойынша оның шағын және орта шаруашылықтарға ашықтығын, қолжетімділігі қамтамасыз етілгені, оларды алуды рәсімдері оңайлатылғаны және автоматтандырылғаны, субсидия алу үшін қарсы міндеттемелердің енгізілгені, сондай-ақ субсидиялау жүйесін мемлекеттің өнеркәсіптік саясатымен өзара байланыстыруды қамтамасыз ету жөніндегі нақты ұсыныстар берілді.

3) Өнім өндірісін ұлғайту/өнімділікті арттыру/өзіндік құнын төмендету сандық көрсеткіштерін көрсете отырып, АӨК субъектісінің ұсынымдарын қолдану нәтижелері бойынша күтілетін әсер және т. б.;

"Әбілжан" шаруа қожалығы мал шаруашылығымен айналысады. Мал шаруашылығындағы субсидиялар толығымен түсіндірілді. Жаңа ережеде селекциялық-асылдандыру жұмыстары мәселелерінде фермерлерге көбірек дербестік берілеті айтылды. Ол қалауы бойынша көбеюдің 3 тәсілінің кез-келгенін таңдай алады: жасанды ұрықтандыру, еркін ұрықтандыру, мамандандырылған жасанды ұрықтандыру құрылымдарының қызметтерін пайдалану.

Мал шаруашылығындағы субсидиялар.

Мал шаруашылығы саласында мынадай мемлекеттік қолдау шаралары жүзеге асырылады:

1. Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау (Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы бұйрығымен бекітілген асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруды субсидиялау қағидалары №108). Осы субсидиялау бағдарламасы бойынша толық ақпаратпен сілтеме арқылы танысуға болады.

2. Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін инвестициялық субсидиялау (ауыл шаруашылығы министрінің 2018 жылғы 23 шілдедегі № 317 бұйрығымен бекітілген Инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу жөніндегі субсидиялау қағидалары). Осы бағдарлама шеңберінде инвесторлардың жабдықтар мен ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға жұмсаған шығындарының 25% өтеу көзделеді.


Аналық ірі қара мал басын сатып алу және қой сатып алу қаржыландырылды. Нәтижесінде мал шаруашылығында жаңа шаруашылық құрылды. Мысалы, селекциялық-асыл тұқымдық жұмысқа тиісінше 10 000 және 5 000 теңге нормативтері бар бір жынысты және екі жынысты тұқымдарды сатып алу енгізілген. Отандық малды сатып алуға 150 000 теңге, ал Аустралиядан, АҚШ-тан, Канададан және Еуропадан

импортталған малға 225 000 теңге бөлінді. АӨК-ні дамытудың 2027 жылға дейінгі бағдарламасы бойынша сүт саласы 50 сиырдан бастап 1200 басқа дейін, 620 бірлікке дейін СТФ салу есебінен дамитын болады.

Мал шаруашылығындағы субсидиялар бағыттары, атап айтқанда етті мал шаруашылығы бағдарламасының негізгі бағыты фермерлік шаруашылықтарды құруға бағытталғандықтан субсидиялар арқылы шаруашылықты кеңейту тиімділігі күтуге болады. Мал шаруашылығын субсидиялау нәтижесінде жаңа шаруашылықтардың құрылуы көбейеді, қуаттылығы кемінде 15 мың бас сауын табынын құрайтын өнеркәсіптік СТФ және отбасылық СТФ ұйымдастырылатындығы орын алатынында күтіледі.

Республика бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға субсидиялау құрылымында субсидиялар көлемі, тиісінше етті мал шаруашылығында, етті құс шаруашылығында, жұмыртқа құс шаруашылығында, қой шаруашылығында, шошқа шаруашылығында ұлғайғаятыны да күтіледі.

4) Сарапшының қатысуымен фотосуреттер;



5) *Материалдарын тарату (қажет болған жағдайда).*

"Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін субсидиялау механизмі", "Ауыл шаруашылығындағы мемлекеттік қолдауды жетілдірудің бағыттары", "Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін субсидиялау механизмі", "Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік қолдаудың ерекшеліктері мен әдістері" презентациялары таратылды